

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ**

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

«2021 жылға арналған жергілікті бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне

ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ

2023 ж

МАЗМҰНЫ

I. Кіріспе бөлік

- 1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы
- 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты
- 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері
- 1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

III. Қорытынды бөлік

- 3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар
- 3.4. Қосымша:
Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.

**Түркістан облысы бойынша
тексеру комиссиясы
төрағасының м.у.а.
А.Жиенбековке**

**«2021 жылға арналған жергілікті бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне
АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

I. Кіріспе

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: 2021 жылға арналған жергілікті бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне мемлекеттік аудит жүргізу.

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:

Жергілікті бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігінің дұрыстығын, негізділігін, сондай-ақ мемлекеттік сектордағы бухгалтерлік есептің жай-күйін бағалау.

1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері:

Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Үстеме тексерумен «Шардара ауданы Шардара қаласы әкімінің аппараты» ММ, «Шардара ауданы әкімінің аппараты» ММ, «Шардара ауд ЖКХ, жолаушылар көлігі және авто жолдары бөлімі» ММ, «Шардара ауд құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ, «Шардара ауданы Сүткент ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, «Шардара ауданы Достық ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, «Шардара ауданы Ақшеңгелді ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, «Шардара ауданы Қызылқұм ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, «Шардара ауданы Алатау батыр ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, «Шардара ауданы Ұзын-Ата ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, «Шардара ауданы Көксу ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, «Шардара ауданы Қоссейт ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, «Шардара ауд Қ. Тұрысбеков ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, «Шардара ауданы Жаушықұм ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-і қамтылды.

«Шардара аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Үстеме тексерумен «Шардара ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ қамтылды.

«Шардара ауд. мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Үстеме тексерумен «Шардара аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесі» КММ қамтылды.

«Мақтаарал ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Үстеме тексерумен «Мақтаарал аудандының әкімінің аппараты» ММ, «Мақтаарал ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ, «Мақтарал ауылдық округі әкімі аппараты» ММ, Мақтаарал ауданының «Достық ауылдық округі әкімі аппараты» ММ, Мақтаарал ауданының «Мырзакент кенті әкімі аппараты» ММ, Мақтаарал ауданының «Нұрлыбаев ауылдық округі әкімі аппараты» ММ, Мақтаарал ауданының «Атакент кенті әкімі аппараты» ММ, Мақтаарал ауданының «Бірлік ауылдық округі әкімі аппараты» ММ, Мақтаарал ауданының «Еңбекші ауылдық округі әкімі аппараты» ММ, Мақтаарал ауданының «Жамбыл ауылдық округі әкімі аппараты» ММ, Мақтаарал ауданының «Жаңажол ауылдық округі әкімі аппараты» ММ, Мақтаарал ауданының «А.Қалыбеков ауылдық округі әкімі аппараты» ММ, Мақтаарал ауданының «Иіржар ауылдық округі әкімі аппараты» ММ қамтылды.

Мақтаарал ауданының «Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Үстеме тексерумен «Мақтаарал аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» ММ, «Мақтаарал» футбол клубы» КММ қамтылды.

«Мақтаарал ауданының тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Үстеме тексерумен Мақтаарал ауданы әкімдігі «Мырзакент-Қызмет» КММ қамтылды.

«Мақтаарал ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Үстеме тексерумен «Мақтаарал ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ қамтылды.

«Жетісай ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Үстеме тексерумен Жетісай ауданының «Жетісай қаласы әкімі аппараты» ММ, «Жетісай ауданының «Жаңа ауыл ауылдық округі әкімі аппараты» ММ, Жетісай ауданының «Жылы су» ауылдық округі әкімі аппараты» ММ, Жетісай ауданының «Қазыбек би ауылдық округі әкімі аппараты» ММ, Жетісай ауданының «Қарақай ауылдық округі әкімі аппараты» ММ, Жетісай ауданының «Ш.Ділдабеков ауылдық округ әкімі аппараты» ММ, Жетісай ауданының «Абай ауылдық округ әкімі аппараты» ММ, Жетісай ауданының «Ж.Ералиев ауылдық округ әкімі аппараты» ММ, Жетісай ауданының «Асықата кенті әкімі аппараты» ММ, Жетісай ауданының «Атамекен ауылдық округ әкімі аппараты» ММ, Жетісай ауданының «Қызылқұм ауылдық округ әкімі аппараты» ММ, Жетісай ауданының «Мақталы ауылдық округ әкімі аппараты» ММ, Жетісай ауданының «Ынтымақ ауылдық округ әкімі аппараты» ММ, «Жетісай ауданы әкімі аппараты» ММ, Жетісай ауданының «Құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ қамтылды.

Жетісай ауданының «Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Үстеме тексерумен «Жетісай аудандық мәдениет үйі» КММ, «Жетісай аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ қамтылды.

Жетісай ауданының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Үстеме тексерумен Жетісай ауданы әкімдігінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ қамтылды.

«Жетісай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Үстеме тексерумен Жетісай ауданы әкімдігінің «Жетісай-Қызмет» КММ қамтылды.

«Отырар ауданы әкімдігінің Отырар ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Үстеме тексерумен «Отырар ауданының әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, «Отырар ауданының Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ, «Отырар ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ, Отырар ауданының «Қарақоңыр ауыл округі әкімінің аппараты» ММ, Отырар ауданының «Аққұм ауыл округі әкімінің аппараты» ММ, Отырар ауданының «Көксарай ауыл округі әкімінің аппараты» ММ, Отырар ауданының «Балтакөл ауыл округі әкімінің аппараты» ММ, Отырар ауданының «Талапты ауыл округі әкімінің аппараты» ММ, Отырар ауданының «Шілік ауыл округі әкімінің аппараты» ММ, Отырар ауданының «Шәуілдір ауыл округі әкімінің аппараты» ММ, Отырар ауданының «Темір ауыл округі әкімінің аппараты» ММ, Отырар ауданының «Маяқұм ауыл округі әкімінің аппараты» ММ, Отырар ауданының «Отырар ауыл округі әкімінің аппараты» ММ, Отырар ауданының «Ақтөбе ауыл округі әкімінің аппараты» ММ, Отырар ауданының «Қоғам ауыл округі әкімінің аппараты» ММ, Отырар ауданының «Қарғалы ауыл округі әкімінің аппараты» ММ қамтылды.

«Отырар аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Үстеме тексерумен «Отырар аудандық әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, «Халыққа әлеуметтік қызмет көрсету» «Тең қоғам» КММ қамтылды.

«Отырар ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Үстеме тексерумен «Отырар аудандық Орталықтандырылған кітапхана жүйесі» КММ қамтылды.

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2021 жылдың 01 қаңтарынан 2021 жылдың 31 желтоқсан аралығы.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік:

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау.

2.1.1. Шардара ауданы бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасаудың құқықтық негізінің объективтілігін, мемлекеттік сектордағы бухгалтерлік есептің жай-күйін талдау.

Аудит 2022 жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы №392-V ҚРЗ «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Кодексі (бұдан әрі – Бюджет Кодексі), Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидалары» Бұйрығы (бұдан әрі – №393 Қағида), Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 7 қыркүйектегі №444 «Есеп саясатын бекіту туралы» Бұйрығы (бұдан әрі – Есеп саясаты), Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 15 маусымдағы №281 «Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарын бекіту туралы» Бұйрығы (бұдан әрі – Есепке алу шоттарының жоспары), Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 1 тамыздағы №468 «Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларын бекіту туралы» (бұдан әрі – №468 Қағида), Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 2 желтоқсандағы №630 «Мемлекеттік мекемелердің, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы (бұдан әрі – №630 Қағида), Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы №640 «Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы (бұдан әрі – №640 Қағида), Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» бұйрығы (бұдан әрі – №540 Ереже), Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 22 тамыздағы №423 «Мемлекеттік мекемелерде түгендеу жүргізу қағидасын бекіту туралы» Бұйрығы (бұдан әрі – №423 Қағида), Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2011 жылғы 2 тамыздағы №390 «Мемлекеттік мекемелер үшін бухгалтерлік құжаттама нысандарының альбомын бекіту туралы» бұйрығы (бұдан әрі – Нысандар альбомы), Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 26 мамырдағы №340 «Республикалық, облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікте бюджет түсімдерін көрсету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы (бұдан әрі – №340 Қағида) сәйкес және мекемемен ұсынылған құжаттар негізінде 2021 жылғы қаржылық есептілікте 2022 жылғы 01 қаңтардағы жағдайы бойынша мекеменің қаржылық жағдайына және оның қызметінің қаржылық нәтижелеріне, 2021 жылдың 31 желтоқсандағы жыл аяғындағы ақшалай қаражаттардың

қозғалысына, таза активтердің/капиталдың өзгерістерімен шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудит жүргізілді.

Сыртқы мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүргізу ережелері қаржы есептілігінің елеулі бұрмаланулардың жоқтығына жеткілікті сенімділік алу үшін аудитті жоспарлау және жүргізуді талап етеді.

Аудит қаржы есептілігіндегі цифрлық материалды растайтын деректерді таңдаулы сынақтар негізіндегі тексерулерді қамтиды.

Аудит сондай-ақ, қаржы есептілігінің тұтастай көрсетілуіне қолданылатын және бағалау принциптерін бағалауды қамтиды.

Аудит қаржылық есептілік бойынша пікір білдіру үшін ақылға қонымды негізді алу үшін жүргізілді.

Бухгалтерлік есеп Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы №234 «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Заңының талаптарына, Есеп саясатына, мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидалары талаптарына сәйкес жүзеге асырылған.

Қаржылық есептілік аудиті кезінде келесі аудиторлық шаралар орындалды:

- қаржылық есептіліктегі сомалар мен басқа да ақпаратты растайтын деректерді тексеру;

- бухгалтерлік есеп принциптерін бағалау;

- қаржылық есептіліктің ұсынылу формасын бағалау;

- бастапқы құжаттарды толтырудың дұрыстығын тексеру;

бухгалтерлік есеп тіркемелері мен қаржы есептілігінде бастапқы құжаттарды көрсетілуі бойынша жүргізілді.

Аудитке келесі құжаттар ұсынылды:

- ереже;

- жеке қаржыландыру жоспары;

- бухгалтерлік баланс қосымшаларымен;

- есепке алу тіркемелері;

Мекеменің шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау және ұсыну нысандары ережелерге сәйкес жүзеге асырылған.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік «e-Минфин» ақпараттық жүйесінде қалыптастырылған.

«Шардара аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі –*Қаржы бөлімі немесе Мекеме*), аудандық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінің 2 жеке қаржылық есептілігі, ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелері жоқ бюджеттік бағдарламалардың 4 әкімшісі, 11 ауылдық округ әкім аппараты қаржылық есептілігін жасау мен ұсыну №468 Қағиданың нысандарына сәйкес жүзеге асырылса, 4 ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелері бар бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі шоғырландырылған қаржылық есептіліктері №468 Қағиданың нысандары бойынша жасалып тапсырылған.

Шоғырлануға жататын бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қайта ұйымдастырылған ұйымдар бойынша мәліметтеріне қысқаша шолу:

Аудандық әкімшілік-аумақтық бірлікті басқару туралы 07.12.2021 ж. №346 қаулысына сәйкес – Шардара аудандық мәслихатының 2021 жылғы 24 қарашадағы №11-64-VII шешімін іске асыру мақсатында Шардара ауданының мынадай мемлекеттік мекемелерін біріктіру және құру жолымен қайта ұйымдастыру жүргізілген:

1) Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» қайта ұйымдастырылған;

2) Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі бірігіп Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі қайта ұйымдастырылған;

3) Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі» бірігіп Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі қайта ұйымдастырылған;

4) Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесі қосу жолымен Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі қайта ұйымдастырылған.

Осыған байланысты мекемені ұстау шығындарына ішінара өзгерістер енгізілген. Осы қаулыларға сәйкес жоғарыда аталған мемлекеттік мекемелер 2021 жылға әр қайсысы жеке қаржылық есептілік тапсырған, бұдан бөлек 2021 жылға қайта ұйымдастырылған мекемелер жоқ. *(Бұл мәселе бойынша қаралған құжаттар: Шардара ауданы әкімдігінің қаулылары, Шардара аудандық мәслихатының шешімдері, тағы басқа құжаттар).*

1. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің жергілікті шоғырландырылған қаржылық есептілігі нысандарын жасаудың дұрыстығын, шоғырландыру рәсімдерін жүргізудің дұрыстығын тексеру.

Бюджеттік кодекстің 120 бабына сәйкес, бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шоғырландырылған қаржылық есептілігі (бұдан әрі – ББӘ ШҚЕ) – бұл бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің (Шардара ауданының экономика және қаржы бөлімі) және оған ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің бірыңғай ұйымның қаржылық есептілігі ретінде ұсынылған қаржылық есептілігі.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шоғырландырылған қаржылық есептілігі – бұл бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің және оған ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің бірыңғай ұйымның қаржылық есептілігі ретінде ұсынған қаржылық есептілігі.

ББӘ ШҚЕ Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 640 бұйрығымен бекітілген бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және оған ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидаларына (бұдан әрі – № 640 қағидалар) сәйкес дайындалады.

2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ББӘ ШҚЕ нысандардың толық көлемінде ұсынылған және оған мыналар кіреді:

- жылдық шоғырландырылған бухгалтерлік баланс (ШҚЕ-1 нысан);
- жылдық қаржылық қызмет нәтижелері туралы шоғырландырылған есеп (ШҚЕ-2 нысан);
- жылдық ақша қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп (тікелей әдіс) (ШҚЕ-3 нысан);
- жылдық таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы шоғырландырылған есеп (ШҚЕ-4 нысан);
- жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба (ШҚЕ-5 нысан).

Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі – *Қаржы бөлімі немесе Мекеме*) шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудандық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, ауылдық округ әкімдері аппаратының жеке қаржылық есептілігі кіреді.

Оның ішінде: аудандық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінің 3 жеке қаржылық есептілігі, ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелері бар бюджеттік бағдарламалардың 3 әкімшісі, ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелері жоқ бюджеттік бағдарламалардың 5 әкімшісі, ауылдық округтер әкімінің 10 аппараты.

Аудандық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері:

- 1) Шардара ауданы «Шардара қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
- 2) «Шардара ауданы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі;
- 3) «Шардара ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Шардара ауданының ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелері бар бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі:

- 1) Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі;
- 2) Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі;
- 3) Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Шардара ауданының ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелері жоқ бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі:

- 1) Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі;
- 2) Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесі;
- 3) Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі;
- 4) Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара ауданының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі;
- 5) Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Шардара ауданының ауылдық округтер әкімінің аппараттары:

- 1) «Шардара ауданы «Сүткен ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
- 2) «Шардара ауданы «Достық ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
- 3) «Шардара ауданы «Ақшеңгелді ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
- 4) «Шардара ауданы «Қызылқұм ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
- 5) «Шардара ауданы «Алатау батыр ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
- 6) «Шардара ауданы «Ұзын-Ата ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
- 7) «Шардара ауданы «Көксу ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
- 8) «Шардара ауданы «Қоссейт ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
- 9) «Шардара ауданы «Қауысбек Тұрысбеков ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
- 10) «Шардара ауданы «Жаушықұм ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

ББӘ ШҚЕ жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер қызметінің қаржылық жағдайы мен қаржылық нәтижелерін білдіреді.

Қаржылық есептілік нысандарын жасаудың дұрыстығын бағалау үшін кіріс және шығыс сальдо аудиті, қаржылық есептілік нысандарының элементтері арасындағы сәйкестікті тексеру, қаржылық және бюджеттік есептіліктегі деректерді салыстыру жүзеге асырылды, оның барысында елеулі бұрмаланулар анықталмады, қаржылық есептілік баптары мен тиісті ескертпелер форматқа белгіленген талаптарға сәйкес келеді.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың 2016 жылғы 6 желтоқсандағы №640 шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидаларына сәйкес қаржылық есептілікті жасау кезінде мынадай талаптар сақталады: барлық операциялардың есепті кезеңдегі шағылысуларының толықтығы мен дұрыстығы; кірістер мен шығыстарды есепті кезеңдерге жатқызудың дұрыстығы; есепті кезеңнен кейінгі айдың бірінші күніндегі синтетикалық есепке алу шоттары бойынша айналымдар мен қалдықтар бойынша талдамалық есепке алу деректерінің ұқсастығы. Нысандарды толтырудың дұрыстығын бағалау үшін қаржылық есептілік баптарын арифметикалық қайта есептеу жүзеге асырылды, оның барысында елеулі бұрмаланулар анықталмады.

3. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шоғырландырылған қаржылық есептілігінде баптардың көрсетілуінің дұрыстығын талдау.

2022 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша бағдарлама шеңберінде мынадай мемлекеттік мекемелер аудитпен қамтылды:

1) «Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі;

оның ішінде үстеме тексеру жүргізілетін мемлекеттік аудит объектілері:

- «Шардара ауданы Шардара қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;

- «Шардара ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;

- Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі;

- Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі;

- «Шардара ауданы Сүткент ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;

- «Шардара ауданы Достық ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;

- «Шардара ауданы Ақшеңгелді ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;

- «Шардара ауданы Қызылқұм ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;

- «Шардара ауданы Алатау батыр ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;

- «Шардара ауданы Ұзын-Ата ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;

- «Шардара ауданы Көксу ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;

- «Шардара ауданы Қоссейт ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;

- «Шардара ауданы Қауысбек Тұрысбеков ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;

- «Шардара ауданы Жаушықұм ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

2) Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

оның ішінде үстеме тексеру жүргізілетін мемлекеттік аудит объектілері:

- «Шардара ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

3) Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

оның ішінде үстеме тексеру жүргізілетін мемлекеттік аудит объектілері:

- Шардара аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Шардара аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Қаржы бөлімінен 2022 жылғы 12 қаңтардағы №18 хатына сәйкес барлық бағдарлама әкімшілеріне және кент, ауыл әкімдеріне Түркістан облысының қаржы және мемлекеттік активтер басқармасының 2021 жылғы 10 қаңтардағы №22-09-04/23 хатына сәйкес, ҚР Қаржы министрінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы №640 бұйрығына байланысты 2021 жылғы жылдық қаржылық есептіліктерді (дебиторлық, кредиторлық қарыздар жөнінде, ақылы қызметтен, филаантропиялық немесе демеушілік қызметтен және уақытша орналастыру шоттары бойынша түскен қаржылардың орындалуы жөнінде) қосымшада көрсетілген нысандар бойынша есептіліктерді тапсыру мерзімін жолдаған, яғни 2022 жылдың 13-17 қаңтар аралығында барлық бағдарлама әкімшілеріне және кент, ауыл әкімдеріне тапсыру белгіленген. Осы белгіленген мерзімде барлық бағдарлама әкімшілері және кент, ауыл әкімдері қаржылық есептілігін толығымен тапсырған.

Жылдық шоғырландырылған «Бухгалтерлік баланс» ШҚЕ-1 нысанының баптарының дұрыс шоғырландырылуы.

2022 жылғы 1 қаңтарға шоғырландырылған бухгалтерлік баланс бойынша:

АКТИВТЕР:

I. Қысқа мерзімді активтер:

Мекемеде ақшалай қаражат және олардың баламалары бойынша (жол коды 010) мекеменің есепті кезеңнің басындағы қалдық 148 179,2 мың теңге, есепті кезеңнің аяғындағы қалдық 191 941,2 мың теңгені құрайды;

Мекемеде бюджеттік төлемдер бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешектер бойынша (жол коды 019) мекеменің есепті кезеңнің басындағы қалдық 2 176,6 мың теңге, есепті кезеңнің аяғындағы қалдық 1 702,9 мың теңгені құрайды;

Мекемеде қорлар бойынша (жол коды 020) мекеменің есепті кезеңнің басындағы қалдық 58 264,4 мың теңге, есепті кезеңнің аяғындағы қалдық 53 466,1 мың теңге;

Салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша бюджетпен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек бойынша (жол коды 023)

мекеменің есепті кезеңнің басындағы қалдық 29 010,2 мың теңге, есепті кезеңнің аяғындағы қалдық 100 353,4 мың теңге;

Шардара ауданы бойынша №1-СО 01.01.2022 жылға жергілікті бюджеттің «Салық төлеушілердің дербес шоттарының қорытынды операциялары бойынша жиынтық» есебіне сәйкес, салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша бюджетпен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек 100 353,4 мың теңгені құраған.

Қысқа мерзімді активтердің жиыны (жол коды 100): есепті кезеңнің басында 237 630,4 мың теңге және есепті кезеңнің аяғында 347 463,6 мың теңге.

II. Ұзақ мерзімді активтер:

Мекеменің ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары (жол коды 110) есепті кезеңнің басындағы қалдық 133 950,4 мың теңгені, есепті кезеңнің аяғындағы қалдық 277 406,8 мың теңгені құрайды;

Мекеменің негізгі құралдардың (жол коды 114) есепті кезеңнің басындағы қалдық 8 951 215,5 мың теңгені, есепті кезеңнің аяғындағы қалдық 10 504 516,7 мың теңгені құрайды;

Мекеменің аяқталмаған құрылыс және күрделі салымдар (жол коды 115) есепті кезеңнің басындағы қалдық 6 433 941,0 мың теңгені, есепті кезеңнің аяғындағы қалдық 8 201 491,3 мың теңгені құрайды;

Материалдық емес активтердің (жол коды 118) есепті кезеңнің басындағы қалдық 21 326,8 мың теңге, есепті кезеңнің аяғындағы қалдық 15 212,5 мың теңге.

Ұзақ мерзімді активтердің жиыны (жол коды 200): есепті кезеңнің басында 15 540 433,7 мың теңге және есепті кезеңнің аяғында 18 998 627,3 мың теңге.

Баланс: есепті кезеңнің басында 15 778 064,1 мың теңге, есепті кезеңнің аяғында 19 346 090,9 мың теңге.

ПАССИВТЕР:

Міндеттемелер, таза активтер/капитал:

III Қысқа мерзімді міндеттемелер:

Өнім берушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек (жол коды 215) мекеменің есепті кезеңнің басындағы қалдық 769,4 мың теңге, есепті кезеңнің аяғындағы қалдық 439,7 мың теңге;

Өзге де қысқа мерзімді кредиторлық берешек (жол коды 221) мекеменің есепті кезеңнің басындағы қалдық 49 846,9 мың теңге, есепті кезеңнің аяғындағы қалдық 30 782,3 мың теңге;

Бюджетке түсетін салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек (жол коды 224) мекеменің есепті кезеңнің басындағы қалдық 433 251,1 мың теңге, есепті кезеңнің аяғындағы қалдық 598 844,8 мың теңге;

Шардара ауданы бойынша №1-СО 01.01.2022 жылға жергілікті бюджеттің «Салық төлеушілердің дербес шоттарының қорытынды операциялары бойынша жиынтық» есебіне сәйкес, салықтық және салықтық

емес түсімдер бойынша бюджетпен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді кредиторлық берешек 598 844,8 мың теңгені құраған;

Қысқа мерзімді міндеттемелерінің жиыны (жол коды 300) есепті кезеңнің басында 483 867,4 мың теңге, есепті кезеңнің аяғында 630 066,8 мың теңге.

IV. Ұзақ мерзімді міндеттемелер:

Бюджет алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешек (жол коды 313) мекеменің есепті кезеңнің басындағы қалдық 123 326,2 мың теңге, кезеңнің аяғындағы қалдық 216 423,2 мың теңге;

2021 жылы жоғары бюджеттен түскен кредит сомасы барлығы 105 012,0 мың теңге, қайтарылғаны 11 915,0 мың теңге.

Ұзақ мерзімді міндеттемелерінің жиыны (жол коды 400) есепті кезеңнің басында 123 326,2 мың теңге, кезеңнің аяғындағы қалдық 216 423,2 мың теңге.

V. Таза активтер/капитал.

Жинақталған қаржылық нәтижелері бойынша (жол коды 412) мекеменің есепті кезеңнің басындағы қалдық 15 170 870,5 мың теңге, есепті кезеңнің аяғындағы қалдық 18 499 600,9 мың теңге.

Таза активтер/капитал жиыны (жол коды 500) есепті кезеңнің басында 15 170 870,5 мың теңге және есепті кезеңнің аяғында 18 499 600,9 мың теңге.

Баланс есепті кезеңнің басында 15 778 064,1 мың теңге және есепті кезеңнің аяғында 19 346 090,9 мың теңге.

«Жылдық қаржылық қызмет нәтижелері туралы шоғырландырылған есеп (тікелей әдіс)» ШҚЕ-2 нысанының баптарының дұрыс шоғырландырылуы

2022 жылғы 1 қаңтарға жылдық қаржылық қызмет нәтижелері туралы шоғырландырылған есеп бойынша:

Айырбас емес операциялардан алынатын кірістер (010 жол коды) бойынша есепті кезеңге 104 385 601,1 мың теңге, өткен кезеңге 50 993 214,3 мың теңге, оның ішінде:

Ағымдағы қызметті қаржыландыру (011 жол коды) бойынша есепті кезеңге 5 056 317,9 мың теңге, өткен кезеңге 18 675 149,7 мың теңге;

Күрделі салымдарды қаржыландыру (012 жол коды) бойынша есепті кезеңге 2 703 915,1 мың теңге, өткен кезеңге 2 316 906,4 мың теңге;

Трансферттер бойынша кірістер, оның ішінде: (014 жол коды) бойынша есепті кезеңге 13 000 601,9 мың теңге, өткен кезеңге 4 023 013,0 мың теңге;

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына трансферттер (015 жол коды) бойынша есепті кезеңге 314 672,0 мың теңге, өткен кезеңге 1 250 257,0 мың теңге;

Субсидиялар (016 жол коды) бойынша есепті кезеңге 220 478,0 мың теңге, өткен кезеңге 172 807,0 мың теңге

Бюджетке түсетін салықтық кірістер (020 жол коды) бойынша есепті кезеңге 66 230 484,9 мың теңге, өткен кезеңге 3 883 472,2 мың теңге;

Айыппұлдардан, өсімпұлдардан және санкциялардан алынатын кірістер (020-1 жол коды) бойынша есепті кезеңге 492,4 мың теңге, өткен кезеңге 2 778,4 мың теңге;

Басқа салықтық емес түсімдер (020-2 жол коды) бойынша есепті кезеңге 3 654,9 мың теңге, өткен кезеңге 2 786,6 мың теңге;

Бюджетке трансфертердің түсуі (020-3 жол коды) бойынша есепті кезеңге 17 169 659,0 мың теңге, өткен кезеңге 21 863 526,0 мың теңге;

Активтерді басқарудан түсетін кірістер (030 жол коды) бойынша есепті кезеңге 8 877,7 мың теңге, өткен кезеңге 3 386,0 мың теңге, оның ішінде:

Сыйақылар (031 жол коды) бойынша есепті кезеңге 10,0 мың теңге, өткен кезеңге 11,2 мың теңге;

Активтерді басқарудан түсетін өзге де кірістер (032 жол коды) бойынша есепті кезеңге 8 867,7 мың теңге, өткен кезеңге 3 374,8 мың теңге;

Өзге кірістер 040 жол коды бойынша есепті кезеңге 4 208 659,0 мың теңге, өткен кезеңге 1 730 355,2 мың теңге;

Кірістер, барлығы (010, 021, 030, 040-жолдарының сомасы) 100 жол коды бойынша есепті кезеңге 108 603 140,8 мың теңге, өткен кезеңге 52 726 955,5 мың теңге.

Мекеменің шығыстары 110 жол коды бойынша есепті кезеңге 9 320 115,6 мың теңге, өткен кезеңге 20 023 343,4 мың теңге, оның ішінде:

Еңбекақы төлеу 111 жол коды бойынша есепті кезеңге 2 017 098,2 мың теңге, өткен кезеңге 11 288 085,6 мың теңге;

Салықтар мен бюджетке төленетін төлемдер 113 жол коды бойынша есепті кезеңге 72 507,0 мың теңге, өткен кезеңге 655 983,5 мың теңге;

Қорлар бойынша шығыстар 114 жол коды бойынша есепті кезеңге 79 598,2 мың теңге, өткен кезеңге 550 294,3 мың теңге;

Иссапар шығыстар 115 жол коды бойынша есепті кезеңге 82 780,7 мың теңге, өткен кезеңге 131 266,3 мың теңге;

Коммуналдық шығыстар 116 жол коды бойынша есепті кезеңге 71 900,5 мың теңге, өткен кезеңге 78 734,7 мың теңге;

Жалдау төлемдері 117 жол коды бойынша есепті кезеңге 4 140,0 мың теңге, өткен кезеңге 32 149,6 мың теңге;

Байланыс қызметтері 119 жол коды бойынша есепті кезеңге 1 513,1 мың теңге, өткен кезеңге 16 537,1 мың теңге;

Активтер амортизациясы 120 жол коды бойынша есепті кезеңге басына 2 081 657,4 мың теңге, өткен кезеңге 1 132 428,1 мың теңге;

Өзге операциялық шығыстар 122 жол коды бойынша есепті кезеңге 4 893 880,5 мың теңге, өткен кезеңге 6 002 657,2 мың теңге;

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға арналған шығыстар 123 жол коды бойынша есепті кезеңге 15 112,0 мың теңге, өткен кезеңге 1354 553,4 мың теңге;

Бюджеттік төлемдер бойынша шығыстар, оның ішінде: 130 жол коды бойынша есепті кезеңге 12 859 346,9 мың теңге, өткен кезеңге 4150 303,0 мың теңге;

Субсидиялар бойынша 132 жол коды бойынша есепті кезеңге 220 478,0 мың теңге, өткен кезеңге 172 807,0 мың теңге;

Нысаналы трансферттер бойынша 133 жол коды бойынша есепті кезеңге 12 103 812,0 мың теңге, өткен кезеңге 2 206 254,0 мың теңге;

Жалпы сипаттағы трансферттер 134 жол коды бойынша өткен кезеңге 1 250 257,0 мың теңге;

Жеке тұлғаларға трансферттер бойынша 135 жол коды бойынша есепті кезеңге 535 056,9 мың теңге, өткен кезеңге 520 985,0 мың теңге;

Бюджетке түсетін түсімдерді азайту жөніндегі шығыстар 137 жол коды бойынша есепті кезеңге 61 790 827,9 мың теңге, өткен кезеңге 506 403,4 мың теңге;

Активтерді басқару бойынша өзге шығыстар 142 жол коды бойынша өткен кезеңге 52 775,0 мың теңге;

Өзге шығыстар 150 жол коды бойынша өткен кезеңге 154 085,1 мың теңге;

Республикалық және жергілікті бюджеттердің ҚБШ бойынша шығыстар 151 жол коды бойынша есепті кезеңге 20 864 385,9 мың теңге, өткен кезеңге 25 555 443,1 мың теңге;

Шығыстар, барлығы (110, 130, 137, 140, 150, 151-жолдарының сомасы) 200 жол коды бойынша есепті кезеңге 104 834 676,3 мың теңге, өткен кезеңге 50 442 353,0 мың теңге;

Ұзақ мерзімді активтердің шығуы 220 жол коды бойынша есепті кезеңге минус 439 734,1 мың теңге, өткен кезеңге минус 748 463,0 мың теңге;

Есепті кезеңнің қаржылық нәтижесі (100 жол-200+/-210, 220, 230, 240-жолдары) 300 жол коды бойынша есепті кезеңге минус 3 328 730,4 мың теңге, өткен кезеңге минус 1 536 139,5 мың теңге.

«Жылдық ақша қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп (тікелей әдіс)» (ШҚЕ-3 нысанын) баптарының дұрыс шоғырландырылуы

2022 жылғы 1 қаңтарға жылдық ақша қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп бойынша:

I. Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы

Ақша қаражатының түсуі – барлығы (010, 017, 020, 030, 040, 050, 060, 070, 071-жолдар сомасы) (100 жол коды) бойынша есепті кезеңге 42 025 638,1 мың теңге, өткен кезеңге 51 049 613,3 мың теңге.

Бюджеттен қаржыландыру бойынша (010 жол коды) бойынша есепті кезеңге 21 086 112,0 мың теңге, өткен кезеңге 25 288 126,0 мың теңге;

Алынған сыйақылар бойынша (040 жол коды) бойынша өткен кезеңге 11,2 мың теңге;

Уақытша орналастырылған ақша бойынша (050 жол коды) бойынша есепті кезеңге 44 772,5 мың теңге, өткен кезеңге 86 865,7 мың теңге.

Бюджетке түсетін түсімдер бойынша, оның арасында: (071 жол коды) бойынша есепті кезеңге 20 84 753,6 мың теңге, өткен кезеңге 25 674 610,4 мың теңге.

Салық түрінде ақшалай қаржы түсімі бойынша (071-1 жол коды) бойынша есепті кезеңге 4 577 652,8 мың теңге, өткен кезеңге 3 802 144,6 мың теңге.

Айыппұлдар, өсімпұлдар және санкциялар түрінде ақшалай қаржы түсімі бойынша (071-2 жол коды) бойынша есепті кезеңге 492,4 мың теңге, өткен кезеңге 2 778,4 мың теңге.

Трасферттер бойынша (071-3 жол коды) бойынша есепті кезеңге 17 169 659,0 мың теңге, өткен кезеңге 21 863 526,0 мың теңге.

Ақша қаражатының шығуы – барлығы (110, 120, 130, 140, 150, 160, 170, 180, 190, 191, 192-жолдар сомасы) 200 жол коды бойынша есепті кезеңге 41 449 158,9 мың теңге, өткен кезеңге 50 676 424,6 мың теңге.

Еңбекақы төлеу (110 жол коды) бойынша есепті кезеңге 1 006 678,7 мың теңге, өткен кезеңге 10 069 961,4 мың теңге;

Салықтар мен бюджетке төленетін төлемдер (130 жол коды) бойынша есепті кезеңге 87 111,5 мың теңге, өткен кезеңге 779 942,9 мың теңге;

Өнім берушілер мен мердігерлерге тауарлар мен көрсетілетін қызметтер үшін (140 жол коды) бойынша есепті кезеңге 5 113 275,0 мың теңге, өткен кезеңге 6 427 204,2 мың теңге;

Трансферттер, субсидиялар (160 жол коды) бойынша есепті кезеңге 13 174 018,9 мың теңге, өткен кезеңге 4 150 956,6 мың теңге;

Сыйақылар (170 жол коды) бойынша есепті кезеңге 12,0 мың теңге, өткен кезеңге 11,4 мың теңге;

Жыл соңында міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындауларды жабу (180 жол коды) бойынша есепті кезеңге 104 799,1 мың теңге, өткен кезеңге 47 474,9 мың теңге;

Өзге де төлемдер (190 жол коды) бойынша есепті кезеңге 934 818,8 мың теңге, өткен кезеңге 3 424 772,1 мың теңге;

Республикалық және жергілікті бюджет ҚБШ-ы бойынша шығыстар (191 жол коды) бойынша есепті кезеңге 20 981 312,9 мың теңге, өткен кезеңге 25 240 651,1 мың теңге;

Бюджеттен қайтқан түсім (192 жол коды) бойынша есепті кезеңге 47 132,0 мың теңге, өткен кезеңге 535 450,0 мың теңге.

Операциялық қызметтен түсетін ақша қаражатының таза сомасы (100-жол минус 200 жол) 300 жол коды бойынша есепті кезеңге 576 479,2 мың теңге, өткен кезеңге 373 188,7 мың теңге.

II. Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы.

Ақша қаражатының түсуі-барлығы (310,320,330,340,350-жолдар сомасы) 400 жол коды бойынша есепті кезеңге 91 505,9 мың теңге, өткен кезеңге 83 047,3 мың теңге.

Ұзақ мерзімді активтерді сату (310 жол коды) бойынша есепті кезеңге 72 976,7 мың теңге, өткен кезеңге 70 734,0 мың теңге;

Қарыздарды өтеу (340 жол коды) бойынша есепті кезеңге 18 529,2 мың теңге, өткен кезеңге 12 313,3 мың теңге;

Ақша қаражатының шығуы – барлығы (410,420,430,440,450,460-жолдар сомасы) 500 жол коды бойынша есепті кезеңге 717 320,1 мың теңге, өткен кезеңге 395 519,4 мың теңге.

Ұзақ мерзімді активтерді сатып алу (410 жол коды) бойынша есепті кезеңге 95 795,1 мың теңге, өткен кезеңге 379 802,4 мың теңге;

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталын қалыптастыру және толтыру (440 жол коды) бойынша есепті кезеңге 516 513,0 мың теңге;

Берілген қарыздар (450 жол коды) бойынша есепті кезеңге 105 012,0 мың теңге, өткен кезеңге 15 717,0 мың теңге.

Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы (400-жол минус 500-жол) (600 жол коды) бойынша есепті кезеңге минус 625 814,2 мың теңге, өткен кезеңге минус 312 472,1 мың теңге.

III. Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қоззғалысы.

Ақша қаражатының түсуі-барлығы (610, 620 жолдар сомасы) (700 жол коды) бойынша есепті кезеңге 105 012,0 мың теңге, өткен кезеңге 15 711,0 мың теңге;

Қарыздарды өтеу (610 жол коды) бойынша есепті кезеңге 105 012,0 мың теңге, өткен кезеңге 15 711,0 мың теңге;

Ақша қаражатының шығуы-барлығы (710, 720 жолдар сомасы) (800 жол коды) бойынша есепті кезеңге 11 915,0 мың теңге, өткен кезеңге 63 641,3 мың теңге;

Қарыздарды өтеу (710 жол коды) бойынша есепті кезеңге 11 915,0 мың теңге, өткен кезеңге 10 866,3 мың теңге;

Өзгелер (720 жол коды) бойынша өткен кезеңге 52 775,0 мың теңге;

Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы (700-жол минус 800-жол) (900 жол коды) бойынша есепті кезеңге 93 097,0 мың теңге, өткен кезеңге минус 48 464,3 мың теңге.

Ақша қаражатының ұлғаюы +/- азаюы (300-жол -/+600жол +/-900-жол) (910 жол коды) бойынша есепті кезеңге минус 42 762,0 мың теңге, өткен кезеңге 12 252,3 мың теңге.

Кезеңнің басындағы ақша қаражаты (920 жол коды) бойынша есепті кезеңге 148 179,2 мың теңге, өткен кезеңге 140 952,0 мың теңге;

Кезеңнің соңындағы ақша қаражаты (930 жол коды) бойынша есепті кезеңге 191 941,2 мың теңге, өткен кезеңге 153 204,3 мың теңге.

«Жылдық таза активтердің/капиталдың өзгерістеру туралы шоғырландырылған есеп» ШҚЕ-4 нысанының баптарының дұрыс шоғырландырылуы

2022 жылғы 1 қаңтарға жылдық таза активтердің/капиталдың өзгерістеру туралы шоғырландырылған есеп бойынша:

Есепті кезеңнің басындағы сальдо 010 жол коды бойынша жинақталған қаржылық нәтиже 15 710 870,5 мың теңге, таза активтердің/капиталдың барлығы 15 710 870,5 мың теңге;

Қайта есептелген сальдо (010 +/-020 жолдар) 030 жол коды бойынша жинақталған қаржылық нәтиже 15 710 870,5 мың теңге, таза активтердің/капиталдың барлығы 15 170 870,5 мың теңге;

Есепті кезеңдегі қаржылық нәтиже 050 жол коды бойынша жинақталған қаржылық нәтиже минус 3 328 730,4 мың теңге, таза активтердің /капиталдың барлығы минус 3 328 730,4 мың теңге;

Есепті кезеңнің аяғындағы сальдо (030+/-040+/-052-жолдар) 060 жол коды бойынша жинақталған қаржылық нәтиже 18 499 600,9 мың теңге, таза активтердің /капиталдың барлығы 18 499 600,9 мың теңге;

Өткен кезеңнің басындағы сальдо 070 жол коды бойынша жинақталған қаржылық нәтиже 19 528 671,3 мың теңге, таза активтердің /капиталдың барлығы 19 528 671,3 мың теңге;

Қайта есептелген сальдо (070+/-080-жолдар) 090 жол коды бойынша бойынша жинақталған қаржылық нәтиже 19 528 671,3 мың теңге, таза активтердің /капиталдың барлығы 19 528 671,3 мың теңге;

Өткен кезеңдегі қаржылық нәтиже 110 жол коды бойынша жинақталған қаржылық нәтиже 1 536 139,5 мың теңге, таза активтердің /капиталдың барлығы 1 536 139,5 мың теңге.

Өткен кезеңнің аяғындағы сальдо (090+/-100+/-110- жолдар) 120 жол коды бойынша жинақталған қаржылық нәтиже 21 064 810,8 мың теңге, таза активтердің /капиталдың барлығы 21 064 810,8 мың теңге.

«Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба» ШҚЕ-5 нысанының кестелері (1-24) бойынша көрсеткіштердің дұрыс шоғырландырылуы

2022 жылғы 1 қаңтарға жылдық қаржылық есептілікке түсіндірме жазба бойынша:

1-кесте. Ақшалай қаражат және олардың баламалары (ШҚЕ-1 «Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс» 010-жолы) бойынша қозғалысы.

Ақшаны уақытша орналастыру (1043) 016 жол коды бойынша жыл басындағы сальдо 49 846,39 мың теңге, есепті кезеңнің аяғындағы сальдо 30 782,3 мың теңге;

Жергілікті бюджеттердің ҚБШ (1047) 020 жол коды бойынша жыл басындағы сальдо 98 332,3 мың теңге, есепті кезеңнің аяғындағы сальдо 161 158,9 мың теңге;

Барлығы 100 жол коды бойынша жыл басындағы сальдо 148 179,2 мың теңге, есепті кезеңнің аяғындағы сальдо 191 941,2 мың теңге;

2-кесте. Қысқа мерзімді қаржы инвестициялары (ШҚЕ-1 «Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс» 011-жолы) бойынша операциялар жүргізілмегендіктен кесте толтырылмаған.

3-кесте. Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешек (ШҚЕ-1 «Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс» 014-жолы) бойынша операциялар жүргізілмегендіктен кесте толтырылмаған.

4-кесте. Қорлар (ШҚЕ-1 «Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс» 020-жолы).

Сатып алу құны бойынша есепті кезеңнің басындағы қалдық 010 жол коды бойынша материалдар 58 264,4 мың теңгені құраған.

Сатып алу құны бойынша түсімдер 011 жол коды бойынша материалдар 74 799,9 мың теңгені құраған.

оның ішінде; бюджет бойынша қаржыландыру есебінен 012 жол кодында материалдар 74 799,9 мың теңгені құраған.

Сатып алу құны бойынша шығулар 013 жол кодында материалдар 79 598,2 мың теңгені құраған.

оның ішінде: 014 жол коды бойынша мемлекеттік мекеменің мұқтаждығына жұмсалғаны материалдар 79 598,2 мың теңгені құраған.

Сатып алу құны бойынша есепті кезеңнің аяғындағы қалдық 015 жол кодында материалдар 53 466,1 мың теңгені құраған.

Баланстық құны бойынша есепті кезеңнің басындағы қалдық 030 жол коды бойынша материалдар 58 264,4 мың теңгені құраса, есепті кезеңнің аяғындағы қалдық 031 жол коды бойынша материалдар 53 466,1 мың теңгені құраған.

5-кесте. Ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары (ШҚЕ-1 «Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс» 110-жолы). бойынша қозғалысы.

Сатып алу құны бойынша есепті кезеңнің басындағы сальдо 010 жол кодында өзіндік құны бойынша бағаланатындар 10 624,2 мың теңге, берілген қарыздар 123 326,2 мың теңге, барлығы 133 950,4 мың теңге;

Сатып алу құны бойынша түсімдер 011 жол кодындағы берілген қарыздар 516 513,0 мың теңге, берілген қарыздар 105 012,0 мың теңге, барлығы 621 525,0 мың теңге;

Сатып алу құны бойынша шығулар 012 жол кодындағы берілген қарыздар 466 153,6 мың теңге, берілген қарыздар 11 915,0 мың теңге, барлығы 478 068,6 мың теңге;

Сатып алу құны бойынша есепті кезеңнің аяғындағы сальдо 013 жол кодында өзіндік құны бойынша бағаланатындар 60 983,6 мың теңге, берілген қарыздар 212 423,2 мың теңге, барлығы 277 406,8 мың теңге;

Баланстық құны бойынша есепті кезеңнің басындағы сальдо 030 жол кодында өзіндік құны бойынша бағаланатындар 10 624,2 мың теңге, берілген қарыздар 123 326,2 мың теңге, барлығы 133 950,4 мың теңге;

Баланстық құны бойынша есепті кезеңнің аяғындағы сальдо 031 жол коды бойынша өзіндік құны бойынша бағаланатындар 60 983,6 мың теңге, берілген қарыздар 216 423,2 мың теңге, барлығы 277 406,8 мың теңге;

6-кесте. Негізгі құралдар (ШҚЕ-1 «Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс» 114-жолы).

Бастапқы құны бойынша есепті кезеңнің басындағы қалдығы 010 жол коды бойынша: ғимараттар 1 811 261,8 мың теңге, құрылыстар 4 065 812,9 мың теңге, беріліс құрылғылары 5 581 829,0 мың теңге, көлік құралдары 147 820,1 мың теңге, машиналар мен жабдықтар 232 395,4 мың теңге, аспаптар, өндірістік және шаруашылық мүкәмәлы 79 395,4 мың теңге, өзге негізгі құралдар 99 371,6 мың теңге, қосындысы 12 017 863,0 мың теңгені құраған;

Бастапқы құны бойынша түсімдер 011 жол коды бойынша: ғимараттар 833 030,2 мың теңге, құрылыстар 2 942 294,4 мың теңге, беріліс құрылғылары 9 689,8 мың теңге, көлік құралдары 69 069,4 мың теңге, машиналар мен жабдықтар 11 817,8 мың теңге, аспаптар, өндірістік және шаруашылық

мүкәмәлы 5 596,3 мың теңге, өзге негізгі құралдар 41 668,5 мың теңге, қосындысы 3 913 166,4 мың теңгені құраған;

Оның ішінде; бюджет бойынша қаржыландыру есебінен 012 жол коды бойынша: ғимараттар 377 110,3 мың теңге, құрылыстар 379 474,9 мың теңге, көлік құралдары 68 169,4 мың теңге, аспаптар, машиналар мен жабдықтар 11 817,8 мың теңге, өндірістік және шаруашылық мүкәмәлы 55 96,3 мың теңге, өзге негізгі құралдар 9 211,5 мың теңге, қосындысы 851 380,2 мың теңгені құраған;

Бастапқы құны бойынша ұлғаюы 013 жол коды бойынша: ғимараттар 154 157,6 мың теңге, қосындысы 19 357,1 мың теңгені құраған;

Бастапқы құны бойынша шығуы 015 жол коды бойынша: ғимараттар 904 902,8 мың теңге, құрылыстар 881 840,0 мың теңге, көлік құралдары 62 504,4 мың теңге, беріліс құрылғылары 292 918,8 мың теңге, машиналар мен жабдықтар 22 227,1 мың теңге, аспаптар, өндірістік және шаруашылық мүкәмәлы 8 245,6 мың теңге, өзге негізгі құралдар 56 176,1 мың теңге, қосындысы 2 228 814,8 мың теңгені құраған;

Бастапқы құны бойынша есепті кезеңнің аяғындағы қалдық 017 жол коды бойынша: ғимараттар 1 893 546,8 мың теңге, құрылыстар 6 145 624,4 мың теңге, беріліс құрылғылары 5 298 600,0 мың теңге, көлік құралдары 154 385,1 мың теңге, машиналар мен жабдықтар 221 986,1 мың теңге, аспаптар, өндірістік және шаруашылық мүкәмәлы 73 722,9 мың теңге, өзге негізгі құралдар 84 864,0 мың теңге, қосындысы 13 875 729,3 мың теңгені құраған;

Оның ішінде толығымен амортизацияланған 017-2 жол коды бойынша: ғимараттар 17 520,8 мың теңге, құрылыстар 23 048,2 мың теңге, көлік құралдары 9 513,0 мың теңге, машиналар мен жабдықтар 63 281,5 мың теңге, аспаптар, өндірістік және шаруашылық мүкәмәлы 16 227,2 мың теңге, өзге негізгі құралдар 53 ,97,9 мың теңге, қосындысы 182 688,6 мың теңгені құраған;

Есепті кезеңнің басындағы жинақталған амортизация қалдығы 020 жол коды бойынша: ғимараттар 355 195,2 мың теңге, құрылыстар 1 344 010,2 мың теңге, беріліс құрылғылары 1 062 326,0 мың теңге, көлік құралдары 51 008,7 мың теңге, машиналар мен жабдықтар 152 887,4 мың теңге, аспаптар, өндірістік және шаруашылық мүкәмәлы 42 352,5 мың теңге, өзге негізгі құралдар 58 866,6 мың теңге, қосындысы 3 066 647,5 мың теңгені құраған;

Есепті кезеңде түскендері бойынша жинақталған амортизация сомасы 021 жол коды бойынша: ғимараттар 113,4 мың теңге, құрылыстар 16 886,8 мың теңге, беріліс құрылғылары 0,0 мың теңге, көлік құралдары 900,0 мың теңге, машиналар мен жабдықтар 9,6 мың теңге, аспаптар, өндірістік және шаруашылық мүкәмәлы 192,9 мың теңге, өзге негізгі құралдар 0,0 мың теңге, қосындысы 18 102,7 мың теңгені құраған;

Есепті кезеңде есептелген амортизация 022 жол коды бойынша: ғимараттар 92 583,6 мың теңге, құрылыстар 1 150 764,6 мың теңге, беріліс құрылғылары 708 549,4 мың теңге, көлік құралдары 9 311,6 мың теңге, машиналар мен жабдықтар 21 841,6 мың теңге, аспаптар, өндірістік және

шаруашылық мүкәмәлы 8 289,5 мың теңге, өзге негізгі құралдар 42 374,5 мың теңге, қосындысы 1 791 990,0 мың теңгені құраған;

Есепті кезеңде есептен шығарылған амортизация 023 жол коды бойынша: ғимараттар 227 679,6 мың теңге, құрылыстар 913 545,3 мың теңге, беріліс құрылғылары 568 947,9 мың теңге, көлік құралдары 9 311,6 мың теңге, машиналар мен жабдықтар 21 841,6 мың теңге, аспаптар, өндірістік және шаруашылық мүкәмәлы 8 289,5 мың теңге, өзге негізгі құралдар 42 374,5 мың теңге, қосындысы 1 791 990,0 мың теңгені құраған;

Есепті кезеңнің аяғына жинақталған амортизация 026 жол коды бойынша: ғимараттар 220 212,6 мың теңге, құрылыстар 1 598 116,3 мың теңге, беріліс құрылғылары 1 201 928,4 мың теңге, көлік құралдары 70 336,5 мың теңге, машиналар мен жабдықтар 163 916,3 мың теңге, аспаптар, өндірістік және шаруашылық мүкәмәлы 44 922,1 мың теңге, өзге негізгі құралдар 71 780,4 мың теңге, қосындысы 3 371 212,6 мың теңгені құраған;

Баланстық құны бойынша есепті кезеңнің басындағы сальдосы 040 жол коды бойынша: ғимараттар 1 456 066,6 мың теңге, құрылыстар 2 721 802,7 мың теңге, беріліс құрылғылары ғимараттар 4 519 502,1 мың теңге, көлік құралдары 96 811,4 мың теңге, машиналар мен жабдықтар 79 508,0 мың теңге, аспаптар, өндірістік және шаруашылық мүкәмәлы 37 019,7 мың теңге, өзге негізгі құралдар 40 505,0 мың теңге, қосындысы 8 951 215,5 мың теңгені құраған;

Баланстық құны бойынша есепті кезеңнің аяғындағы сальдосы 041 жол коды бойынша: ғимараттар 1 673 334,2 мың теңге, құрылыстар 4 547 508,1 мың теңге, беріліс құрылғылары 4 096 671,6 мың теңге, көлік құралдары 84 048,6 мың теңге, машиналар мен жабдықтар 58 069,8 мың теңге, аспаптар, өндірістік және шаруашылық мүкәмәлы 31 800,8 мың теңге, өзге негізгі құралдар 13 083,6 мың теңге, қосындысы 10 504 516,7 мың теңгені құраған.

7-кесте. Инвестициялық жылжымайтын мүлік (ШҚЕ-1 «Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс» 116-жолы) бойынша операциялар жүргізілмегендіктен кесте толтырылмаған.

8-кесте. Биологиялық активтер (ШҚЕ-1 «Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс» 117-жолы) бойынша операциялар жүргізілмегендіктен кесте толтырылмаған.

9-кесте. Материалдық емес активтер (ШҚЕ-1 «Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс» 118-жолы).

Бастапқы құны бойынша есепті кезеңнің басындағы қалдық 010 жол коды бойынша бағдарламалық қамтамасыз ету 34 234,3 мың теңге, лицензиялық келісімдер 2 656,0 мың теңге, өзгелер 244,0 мың теңге, барлығы 37 134,3 мың теңгені құраған;

Бастапқы құны бойынша шығулар 015 жол коды бойынша бағдарламалық қамтамасыз ету 4 941,2 мың теңгені құраған, лицензиялық келісімдер 231,0 мың теңге, барлығы 5 172,2 мың теңгені құраған;

Бастапқы құны бойынша есепті кезеңнің аяғындағы қалдық 017 жол коды бойынша бағдарламалық қамтамасыз ету 29 293,1 мың теңге, лицензиялық

келісімдер 2 425,0 мың тенге, өзгелер 244,0 мың тенге, барлығы 31 962,1 мың теңгені құраған;

Есепті кезеңнің басындағы жинақталған амортизация қалдығы 020 жол коды бойынша бағдарламалық қамтамасыз ету 15 280,3 мың тенге, лицензиялық келісімдер 474,3 мың тенге, өзгелер 52,9 мың тенге, барлығы 15 807,5 мың теңгені құраған;

Есепті кезеңде есептелген амортизация 022 жол коды бойынша бағдарламалық қамтамасыз ету 2 922,7 мың тенге, лицензиялық келісімдер 257,9 мың тенге, өзгелер 24,4 мың тенге, барлығы 3 205,0 мың теңгені құраған;

Есепті кезеңнің аяғында жинақталған амортизация қалдығы 026 жол коды бойынша бағдарламалық қамтамасыз ету 15 999,8 мың тенге, лицензиялық келісімдер 672,5 мың тенге, өзгелер 77,3 мың тенге, барлығы 16 749,6 мың теңгені құраған;

Баланстық құны бойынша есепті кезеңнің басындағы қалдық 040 жол коды бойынша бағдарламалық қамтамасыз ету 18 954,0 мың тенге, лицензиялық келісімдер 2 181,7 мың тенге, өзгелер 191,4 мың тенге, барлығы 21 326,8 мың теңгені құраған.

Баланстық құны бойынша есепті кезеңнің аяғындағы қалдық 041 жол коды бойынша бағдарламалық қамтамасыз ету 13 293,3 мың тенге, лицензиялық келісімдер 1 752,5 мың тенге, өзгелер 166,7 мың тенге, барлығы 12 212,5 мың теңгені құраған.

10-кесте. Қысқа мерзімді қаржы міндеттемелері (ШҚЕ-1 «Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс» 210-жолы) бойынша операциялар жүргізілмегендіктен кесте толтырылмаған.

11-кесте. Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер (ШҚЕ-1 «Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс» 310-жолы) бойынша операциялар жүргізілмегендіктен кесте толтырылмаған.

12-кесте. Өзге кірістер бойынша

Өтеусіз қабылданған 030 жол кодында есепті кезеңде 3 049 141,4 мың тенге, өткен кезеңде 12 335,2 мың теңгені құраған;

Өз жүйісіндегі мемлекеттік мекемелерден 031 жол кодында есепті кезеңде 3 049 141,4 мың тенге, өткен кезеңде 11 903,9 мың теңгені құраған;

Басқа мемлекеттік мекемелерден 032 жол кодында есепті кезеңде 0,0 мың тенге, өткен кезеңде 431,3 мың теңгені құраған;

Активтерді таратудан түскен 060 жол кодында есепті кезеңде 0,0 мың тенге, өткен кезеңде 168,3 мың теңгені құраған;

Барлығы есепті кезеңде 3 049 141,4 мың тенге, өткен кезеңде 47 473,8 мың теңгені құраған.

13-кесте. Бюджетке түсетін салықтық кірістер (ШҚЕ-2 «Қаржылық қызмет нәтижелері туралы есеп» 020-жолы).

Салықтық түсімдер, соның ішінде 010 жол кодында есепті кезеңде 66 230 484,9 мың тенге, өткен кезең бойынша 3 883 472,2 мың теңгені құраған.

Корпоративтік табыс салығы 020 жол кодында есепті кезеңде 66 230 484,9 мың тенге, өткен кезең бойынша 0,0 мың теңгені құраған.

14-кесте. Өзге шығыстар.

Ұзақ мерзімді активтерді есептен шығару бойынша барлығы 020 жол коды бойынша есепті кезеңде 439 734,1 мың теңге, өткен кезең бойынша 12 403,1 мың теңгені құраған;

Өтеусіз берілген өз жүйесіндегі мемлекеттік мекемелерне, барлығы 021 жол коды бойынша есепті кезеңде 439 734,1 мың теңге, өткен кезең бойынша 0,0 мың теңгені құраған;

Өзге шығару бойынша барлығы 024 жол коды бойынша өткен кезеңде 12 403,1 мың теңге;

Барлығы есепті кезеңге 439 734,1 мың теңге, өткен кезең бойынша 12 403,1 мың теңгені құраған;

15-кесте. Бюджетке түсетін түсімдер бойынша шығыстарды азайту кірістер (ШҚЕ-2 «Қаржылық қызмет нәтижелері туралы есеп» 137-жолы).

Бюджетке түсетін түсімдер бойынша шығыстарды азайту, оның ішінде: 010 жол кодында есепті кезеңде 61 790 827,9 мың теңге, өткен кезең бойынша 506 403,4 мың теңгені құраған.

Бюджетке түсетін түсімдер бойынша басқа түрлері 030 жол кодында есепті кезеңде 61 790 827,9 мың теңге, өткен кезең бойынша 506 403,4 мың теңгені құраған.

16-кесте. Өтеусіз берілген ұзақ мерзімді активтер/қорлар.

010 жол кодында өтеусіз берілген ұзақ мерзімді активтердің барлығының бастапқы құны 2 233 987,0 мың теңге, жинақталған амортизацияның сомасы 1 794 252,9 мың теңге, баланстық құны 439 734,1 мың теңгені құраған;

011 жол кодында өз жүйесіндегі мемлекеттік мекемелерге: бастапқы құны 2 233 987,0 мың теңге, жинақталған амортизацияның сомасы 1 794 252,9 мың теңге, баланстық құны 439 734,1 мың теңгені құраған;

030 жол кодында негізгі қаражаттың бастапқы құны 2 233 987,0 мың теңге, жинақталған амортизацияның сомасы 1 794 252,9 мың теңге, баланстық құны 439 734,1 мың теңгені құраған;

031 жол кодында өз жүйесіндегі мемлекеттік мекемелерге 2 233 987,0 мың теңге, жинақталған амортизацияның сомасы 1 794 252,9 мың теңге, баланстық құны 439 734,1 мың теңгені құраған.

16-1-кесте. Өтеусіз алынған ұзақ мерзімді активтер/ қорлар.

010 жол кодында өтеусіз алынған ұзақ мерзімді активтердің барлығының бастапқы құны 13 875 729,3 мың теңге, жинақталған амортизацияның сомасы 3 371 212,6 мың теңге, баланстық құны 10 504 516,7 мың теңгені құраған;

011 жол кодында өз жүйесінің мемлекеттік мекемелерінен бастапқы құны 13 875 729,3 мың теңге, жинақталған амортизацияның сомасы 3 371 212,6 мың теңге, баланстық құны 10 504 516,7 мың теңгені құраған;

030 жол кодында негізгі құралдар бастапқы құны 13 875 729,3 мың теңге, жинақталған амортизацияның сомасы 3 371 212,6 мың теңге, баланстық құны 10 504 516,7 мың теңгені құраған;

031 жол кодында өз жүйесінің мемлекеттік мекемелерінен бастапқы құны 13 875 729,3 мың теңге, жинақталған амортизацияның сомасы 3 371 212,6 мың теңге, баланстық құны 10 504 516,7 мың теңгені құраған.

17-кесте. Концессиялық активтер және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша басқа активтер ақпарат бойынша операциялар жүргізілмегендіктен кесте толтырылмаған.

18-кесте. Өзара операциялар бойынша ақпарат

1. Бетуші тарап: Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті РММ-сі, Қабылдаушы тарап: Шардара ауданының экономика және қаржы бөлімі ММ-і, қорларды беру, сомасы 735,3 мың теңге, Дт 1316 Кт 6360, жүкқұжат 09.12.2021 ж. №082;

Шығыс түрлері бойынша: 0,0 мың теңге

Кіріс түрлері бойынша: 735,3 мың теңге

Барлық жиыны: 735,3 мың теңге

19-кесте. 7120 Бюджеттен есеп айырысулар бойынша шығыстар шоты бойынша есептелген және аударылған сомалар бойынша ақпарат.

Бюджетпен есеп айырысулар бойынша есептелген шығыстар 010 жол коды бойынша барлығы, жергілікті бюджеттен: есептелді 105 012,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер 022 жол коды бойынша барлығы, жергілікті бюджеттен: есептелді 105 012,0 мың теңге;

20-кесте. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттар міндеттемелер бойынша операциялар жүргізілмегендіктен кесте толтырылмаған.

21-кесте. Дивидендтердің, қатысу үлесіне кірістердің және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің таза кірісінің бір бөлігінің мөлшері туралы ақпарат бойынша операциялар жүргізілмегендіктен кесте толтырылмаған.

22-кесте. Салық түсімдері бойынша бюджетпен есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық/кредиторлық берешек бойынша операциялар жүргізілмегендіктен кесте толтырылмаған.

23-кесте. Аяқталмаған құрылыс және материалдық емес активтерге күрделі салымдар (ШҚЕ-1 «Шоғырландырылған бухгалтерлік бухгалтерлік баланс» 115-жолы) бойынша:

Есепті кезеңнің басындағы сальдо 010 жол кодында аяқталмаған құрылыс 6 433 941,0 мың теңгені құраған;

Барлығы келіп түсті, оның ішінде: 020 жол кодында аяқталмаған құрылыс 3 786 613,4 мың теңгені құраған;

Өтеусіз алынды 023 жол кодында аяқталмаған құрылыс 70 066,1 мың теңгені құраған;

Барлығы шықты, оның ішінде: 030 жол кодында аяқталмаған құрылыс 2 019 063,1 мың теңгені құраған.

Өзгелері 033 жол кодында аяқталмаған құрылыс 2 019 063,1 мың теңгені құраған;

Есепті кезеңнің басындағы сальдо 040 жол кодында Аяқталмаған құрылыс 8 201 491,3 мың теңгені құраған.

24-кесте. Басқа шоттар бойынша ақша қаражатының қозғалысы.

Жыл басындағы қалдық 010 жол кодында ақшаны уақытша орналастыру 49 846,9 мың теңгені құраған;

Барлығы келіп түсті, оның ішінде 020 жол кодында ақшаны уақытша орналастыру 44 775,5 мың теңге құраған;

Операциялық қызметтен 021 жол кодында ақшаны уақытша орналастыру 44 772,5 мың теңге құраған;

Барлығы шықты, оның ішінде: 030 жол кодында ақшаны уақытша орналастыру 63 837,1 мың теңге құраған;

Операциялық қызметтен 031 жол кодында ақшаны уақытша орналастыру 63 837,1 мың теңге құраған;

Жыл соңындағы қалдық 040 жол кодында ақшаны уақытша орналастыру 30 782,3 мың теңгені құраған.

Мемлекеттік органдардың қаржылық есептілігін шоғырландыру кезінде бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидаларының 17-тармағына сәйкес бюджеттік бағдарламалар әкімшісі болып табылатын Шардара ауданының қаржы бөліміне уәкілетті органмен белгіленген мерзімде (2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша) жыл сайынғы жылдық қаржылық есептері жасалып, тапсырылған.

Қаржылық есептілік аудиті мен жылдық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің құрамы мен мазмұны, түсіндірме жазбада ақпараттың ашылуы зерделеніп, бухгалтерлік есеп деректерімен, түсіндірме жазба кестесінің деректерімен салыстырылды.

2.1.2. Мақтаарал ауданы бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасаудың құқықтық негізінің объективтілігін, мемлекеттік сектордағы бухгалтерлік есептің жай-күйін талдау.

Аудит 2022 жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы №392-V ҚРЗ «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Кодексі (бұдан әрі – Бюджет Кодексі), Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидалары» Бұйрығы (бұдан әрі – №393 Қағида), Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 7 қыркүйектегі №444 «Есеп саясатын бекіту туралы» Бұйрығы (бұдан әрі – Есеп саясаты), Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 15 маусымдағы №281 «Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарын бекіту туралы» Бұйрығы (бұдан әрі – Есепке алу шоттарының жоспары), Қазақстан Республикасы Қаржы

министрінің 2017 жылғы 1 тамыздағы №468 «Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларын бекіту туралы» (бұдан әрі – №468 Қағида), Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 2 желтоқсандағы №630 «Мемлекеттік мекемелердің, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы (бұдан әрі – №630 Қағида), Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы №640 «Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы (бұдан әрі – №640 Қағида), Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» бұйрығы (бұдан әрі – №540 Ереже), Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 22 тамыздағы №423 «Мемлекеттік мекемелерде түгендеу жүргізу қағидасын бекіту туралы» Бұйрығы (бұдан әрі – №423 Қағида), Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2011 жылғы 2 тамыздағы №390 «Мемлекеттік мекемелер үшін бухгалтерлік құжаттама нысандарының альбомын бекіту туралы» бұйрығы (бұдан әрі – Нысандар альбомы), Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 26 мамырдағы №340 «Республикалық, облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікте бюджет түсімдерін көрсету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы (бұдан әрі – №340 Қағида) сәйкес және мекемемен ұсынылған құжаттар негізінде 2021 жылғы қаржылық есептілікте 2022 жылғы 01 қаңтардағы жағдайы бойынша мекеменің қаржылық жағдайына және оның қызметінің қаржылық нәтижелеріне, 2021 жылдың 31 желтоқсандағы жыл аяғындағы ақшалай қаражаттардың қозғалысына, таза активтердің/капиталдың өзгерістерімен шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудит жүргізілді.

Сыртқы мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүргізу ережелері қаржы есептілігінің елеулі бұрмаланулардың жоқтығына жеткілікті сенімділік алу үшін аудитті жоспарлау және жүргізуді талап етеді.

Аудит қаржы есептілігіндегі цифрлық материалды растайтын деректерді таңдаулы сынақтар негізіндегі тексерулерді қамтиды.

Аудит сондай-ақ, қаржы есептілігінің тұтастай көрсетілуіне қолданылатын және бағалау принциптерін бағалауды қамтиды.

Аудит қаржылық есептілік бойынша пікір білдіру үшін ақылға қонымды негізді алу үшін жүргізілді.

Бухгалтерлік есеп Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы №234 «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Заңының талаптарына, Есеп саясатына, мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидалары талаптарына сәйкес жүзеге асырылған.

Қаржылық есептілік аудиті кезінде келесі аудиторлық шаралар орындалды:

- қаржылық есептіліктегі сомалар мен басқа да ақпаратты растайтын деректерді тексеру;
- бухгалтерлік есеп принциптерін бағалау;
- қаржылық есептіліктің ұсынылу формасын бағалау;
- бастапқы құжаттарды толтырудың дұрыстығын тексеру;
- бухгалтерлік есеп тіркемелері мен қаржы есептілігінде бастапқы құжаттарды көрсетілуі бойынша жүргізілді.

Аудитке келесі құжаттар ұсынылды:

- Ереже;
- жеке қаржыландыру жоспары;
- бухгалтерлік баланс қосымшаларымен;
- есепке алу тіркемелері;

Мекеменің шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау және ұсыну нысандары ережелерге сәйкес жүзеге асырылған.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік *«e-Минфин»* ақпараттық жүйесінде қалыптастырылған.

«Мақтаарал ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (*бұдан әрі – Қаржы бөлімі немесе Мекеме*), аудандық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінің 2 жеке қаржылық есептілігі, ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелері жоқ бюджеттік бағдарламалардың 4 әкімшісі, 11 ауылдық округ әкім аппараты қаржылық есептілігін жасау мен ұсыну №468 Қағиданың нысандарына сәйкес жүзеге асырылса, 4 ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелері бар бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі шоғырландырылған қаржылық есептіліктері №468 Қағиданың нысандары бойынша жасалып тапсырылған.

Шоғырлануға жататын бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қайта ұйымдастырылған ұйымдар бойынша мәліметтеріне қысқаша шолу: Шоғырландыруға жататын бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қайта ұйымдастырылған ұйымдар бойынша – Мақтаарал аудандық мәслихатының 2021 жылғы 01 қарашадағы №13-72-VII шешімін іске асыру мақсатында Мақтаарал ауданының басқару схемасы шеңберінде Мақтаарал ауданының мынадай мемлекеттік мекемелерін біріктіру және құру жолымен қайта ұйымдастыру жүргізілген:

1) «Мақтаарал ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Замандастар және Тен Qoғам» әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылған (01.09.2021 ж. №500 қаулы);

2) «Мақтаарал ауданының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен «Мақтаарал ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бірігіп «Мақтаарал ауданының кәсіпкерлік ауыл шаруашылығы бөлімі» қайта ұйымдастырылған (05.11.2021 ж. №625 қаулы);

3) Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мырзакент спорт клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылған (02.11.2021 ж. №605 қаулы).

Осыған байланысты мекемені ұстау шығындарына ішінара өзгерістер енгізілген. Осы қаулыларға сәйкес жоғарыда аталған коммуналдық мемлекеттік мекемелер 2021 жылға әр қайсысы жеке қаржылық есептілік тапсырған, бұдан бөлек 2021 жылға қайта ұйымдастырылған мекемелер жоқ. *(Бұл мәселе бойынша қаралған құжаттар: Мақтаарал ауданы әкімдігінің қаулылары, Мақтаарал аудандық мәслихатының шешімдері, тағы басқа құжаттар).*

2. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің жергілікті шоғырландырылған қаржылық есептілігі нысандарын жасаудың дұрыстығын, шоғырландыру рәсімдерін жүргізудің дұрыстығын тексеру.

Бюджеттік кодекстің 120 бабына сәйкес, бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шоғырландырылған қаржылық есептілігі (бұдан әрі – ББӘ ШҚЕ) – бұл бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің (Мақтаарал ауданының экономика және қаржы бөлімі) және оған ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің бірыңғай ұйымның қаржылық есептілігі ретінде ұсынылған қаржылық есептілігі.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шоғырландырылған қаржылық есептілігі – бұл бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің және оған ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің бірыңғай ұйымның қаржылық есептілігі ретінде ұсынған қаржылық есептілігі.

ББӘ ШҚЕ Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы №640 бұйрығымен бекітілген бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және оған ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидаларына (бұдан әрі – № 640 қағидалар) сәйкес дайындалады.

2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ББӘ ШҚЕ нысандардың толық көлемінде ұсынылған және оған мыналар кіреді:

- жылдық шоғырландырылған бухгалтерлік баланс (ШҚЕ-1 нысан);
- жылдық қаржылық қызмет нәтижелері туралы шоғырландырылған есеп (ШҚЕ-2 нысан);
- жылдық ақша қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп (тікелей әдіс) (ШҚЕ-3 нысан);
- жылдық таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы шоғырландырылған есеп (ШҚЕ-4 нысан);
- жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба (ШҚЕ-5 нысан).

«Мақтаарал ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне *(бұдан әрі – Қаржы бөлімі немесе Мекеме)* шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудандық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, ауылдық округ әкімдері аппаратының жеке қаржылық есептілігі кіреді.

Оның ішінде: аудандық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінің 2 жеке қаржылық есептілігі, ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелері бар бюджеттік бағдарламалардың 4 әкімшісі, ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелері жоқ бюджеттік бағдарламалардың 4 әкімшісі, ауылдық округтер әкімінің 11 аппараты.

Аудандық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері:

- 1) «Мақтаарал ауданының әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
- 2) «Мақтаарал аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Мақтаарал ауданының ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелері бар бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі:

1) Мақтаарал ауданының «Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі;

2) «Мақтаарал ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі;

3) «Мақтаарал ауданының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі;

4) «Мақтаарал ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Мақтаарал ауданының ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелері жоқ бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі:

1) «Мақтаарал ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі;

2) «Мақтаарал ауданының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі;

3) «Мақтаарал ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі

4) «Мақтаарал ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі;

Мақтаарал ауданының ауылдық округтер әкімінің аппараттары:

1) Мақтаарал ауданының «Мақтаарал ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі;

2) Мақтаарал ауданының «Достық ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі;

3) Мақтаарал ауданының «Мырзакент кенті әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі;

4) Мақтаарал ауданының «Нұрлыбаев ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі;

5) Мақтаарал ауданының «Атакент кенті әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі;

6) Мақтаарал ауданының «Бірлік ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі;

7) Мақтаарал ауданының «Енбекші ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі;

8) Мақтаарал ауданының «Жамбыл аулдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі;

9) Мақтаарал ауданының «Жаңажол ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі;

10) Мақтаарал ауданының «А.Қалыбеков ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі;

11) Мақтаарал ауданының «Иыржар ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі;

ББӘ ШҚЕ жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер қызметінің қаржылық жағдайы мен қаржылық нәтижелерін білдіреді.

Қаржылық есептілік нысандарын жасаудың дұрыстығын бағалау үшін кіріс және шығыс сальдо аудиті, қаржылық есептілік нысандарының элементтері арасындағы сәйкестікті тексеру, қаржылық және бюджеттік есептіліктегі деректерді салыстыру жүзеге асырылды, оның барысында елеулі бұрмаланулар анықталмады, қаржылық есептілік баптары мен тиісті ескертпелер форматқа белгіленген талаптарға сәйкес келеді.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың 2016 жылғы 6 желтоқсандағы №640 шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидаларына сәйкес қаржылық есептілікті жасау кезінде мынадай талаптар сақталады: барлық операциялардың есепті кезеңдегі шағылысуларының толықтығы мен дұрыстығы; кірістер мен шығыстарды есепті кезеңдерге жатқызудың дұрыстығы; есепті кезеңнен кейінгі айдың бірінші күніндегі синтетикалық есепке алу шоттары бойынша айналымдар мен қалдықтар бойынша талдамалық есепке алу деректерінің ұқсастығы. Нысандарды толтырудың дұрыстығын бағалау үшін қаржылық есептілік баптарын арифметикалық қайта есептеу жүзеге асырылды, оның барысында елеулі бұрмаланулар анықталмады.

3. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шоғырландырылған қаржылық есептілігінде баптардың көрсетілуінің дұрыстығын талдау.

2022 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша бағдарлама шеңберінде мынадай мемлекеттік мекемелер аудитпен қамтылды:

1) «Мақтаарал ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі;

оның ішінде үстеме тексеру жүргізілетін мемлекеттік аудит объектілері:

- «Мақтаарал аудандының әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;

- Мақтаарал ауданының «Мақтаарал ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі;

- Мақтаарал ауданының «Достық ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі;

- Мақтаарал ауданының «Мырзакент кенті әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі;

- Мақтаарал ауданының «Нұрлыбаев ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі;

- Мақтаарал ауданының «Атакент кенті әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі;
- Мақтаарал ауданының «Бірлік ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі;
- Мақтаарал ауданының «Еңбекші ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі;
- Мақтаарал ауданының «Жамбыл ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі;
- Мақтаарал ауданының «Жаңажол ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі;
- Мақтаарал ауданының «А.Қалыбеков ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі;
- Мақтаарал ауданының «Иіржар ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі;
- «Мақтаарал ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

2) Мақтаарал ауданының «Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

оның ішінде үстеме тексеру жүргізілетін мемлекеттік аудит объектілері:

- Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мақтаарал аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» мемлекеттік мекемесі;
- Мақтаарал ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мақтаарал» футбол клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

3) «Мақтаарал ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

оның ішінде үстеме тексеру жүргізілетін мемлекеттік аудит объектілері:

- Мақтаарал ауданы әкімдігі «Мырзакент-Қызмет» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

4) «Мақтаарал ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі;

оның ішінде үстеме тексеру жүргізілетін мемлекеттік аудит объектілері:

- «Мақтаарал ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Мақтаарал ауданының қаржы бөлімінен 2022 жылғы 12 қаңтардағы №18 хатына сәйкес барлық бағдарлама әкімшілеріне және кент, ауыл әкімдеріне Түркістан облысының қаржы және мемлекеттік активтер басқармасының 2021 жылғы 10 қаңтардағы №22-09-04/23 хатына сәйкес, ҚР Қаржы министрінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы №640 бұйрығына байланысты 2021 жылғы жылдық қаржылық есептіліктерді (дебиторлық, кредиторлық қарыздар жөнінде, ақылы қызметтен, филаантропиялық немесе демеушілік қызметтен және уақытша орналастыру шоттары бойынша түскен қаржылардың орындалуы

жөнінде) қосымшада көрсетілген нысандар бойынша есептіліктерді тапсыру мерзімін жолдаған, яғни 2022 жылдың 13-17 қаңтар аралығында барлық бағдарлама әкімшілеріне және кент, ауыл әкімдеріне тапсыру белгіленген. Осы белгіленген мерзімде барлық бағдарлама әкімшілері және кент, ауыл әкімдері қаржылық есептілігін толығымен тапсырған.

Жылдық шоғырландырылған «Бухгалтерлік баланс» ШҚЕ-1 нысанының баптарының дұрыс шоғырландырылуы.

2022 жылғы 1 қаңтарға шоғырландырылған бухгалтерлік баланс бойынша:

АКТИВТЕР:

I. Қысқа мерзімді активтер:

Мекемеде ақшалай қаражат және олардың баламалары бойынша (жол коды 010) мекеменің есепті кезеңнің басындағы қалдық 296 562,0 мың теңге, есепті кезеңнің аяғындағы қалдық 196 260,2 мың теңгені құрайды;

Қызметкерлердің және өзге де есеп беретін тұлғалардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі бойынша (жол коды 017) мекеменің есепті кезеңнің басындағы қалдық 58,1 мың теңге болса;

Мекемеде бюджеттік төлемдер бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешектер бойынша (жол коды 019) мекеменің есепті кезеңнің басындағы қалдық 449,3 мың теңге, есепті кезеңнің аяғындағы қалдық 1 490,8 мың теңгені құрайды;

Мекемеде қорлар бойынша (жол коды 020) мекеменің есепті кезеңнің басындағы қалдық 9 804,4 мың теңге, есепті кезеңнің аяғындағы қалдық 45 944,0 мың теңге;

Мекемеде өзге қысқа мерзімді активтер бойынша (жол коды 022) мекеменің есепті кезеңнің басындағы қалдық 1 519,7 мың теңге, есепті кезеңнің аяғындағы қалдық 499,7 мың теңге;

Салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша бюджетпен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек бойынша (жол коды 023) мекеменің есепті кезеңнің басындағы қалдық 123 234,2 мың теңге, есепті кезеңнің аяғындағы қалдық 154 991,1 мың теңге;

Мақтаарал ауданы бойынша №1-СО 01.01.2022 жылға жергілікті бюджеттің «Салық төлеушілердің дербес шоттарының қорытынды операциялары бойынша жиынтық» есебіне сәйкес, салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша бюджетпен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек 154 991,1 мың теңгені құраған.

Қысқа мерзімді активтердің жиыны (жол коды 100): есепті кезеңнің басында 432 627,7 мың теңге және есепті кезеңнің аяғында 399 185,8 мың теңге.

II. Ұзақ мерзімді активтер:

Мекеменің ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары (жол коды 110) есепті кезеңнің басындағы қалдық 1 661 098,8 мың теңгені, есепті кезеңнің аяғындағы қалдық 3 482 633,4 мың теңгені құрайды;

Мекеменің негізгі құралдардың (жол коды 114) есепті кезеңнің басындағы қалдық 8 911 730,8 мың теңгені, есепті кезеңнің аяғындағы қалдық 10 005 809,1 мың теңгені құрайды;

Мекеменің аяқталмаған құрылыс және күрделі салымдар (жол коды 115) есепті кезеңнің басындағы қалдық 15 108 695,1 мың теңгені, есепті кезеңнің аяғындағы қалдық 6 418 757,3 мың теңгені құрайды;

Мекеменің биологиялық активтері (жол коды 117) есепті кезеңнің аяғындағы қалдық 480,0 мың теңгені құрайды, есепті кезеңнің аяғындағы қалдық 578,0 мың теңгені құрайды;

Материалдық емес активтердің (жол коды 118) есепті кезеңнің басындағы қалдық 36 387,1 мың теңге, есепті кезеңнің аяғындағы қалдық 105 766,2 мың теңге.

Ұзақ мерзімді активтердің жиыны (жол коды 200): есепті кезеңнің басында 25 718 391,8 мың теңге және есепті кезеңнің аяғында 20 013 544,0 мың теңге.

Баланс: есепті кезеңнің басында 26 151 019,5 мың теңге, есепті кезеңнің аяғында 20 412 729,8 мың теңге.

ПАССИВТЕР:

Міндеттемелер, таза активтер/капитал:

III Қысқа мерзімді міндеттемелер:

Бюджетке төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек (жол коды 212) мекеменің есепті кезеңнің басындағы қалдық 182,2 мың теңге, кезеңнің аяғындағы қалдық 3 800,6 мың теңге;

Басқа да міндетті және ерікті төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек (жол коды 214) мекеменің есепті кезеңнің басындағы қалдық 1 247,5 мың теңге, есепті кезеңнің аяғындағы қалдық 3 973,4 мың теңге;

Өнім берушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек (жол коды 215) мекеменің есепті кезеңнің басындағы қалдық 2 061,4 мың теңге, есепті кезеңнің аяғындағы қалдық 4 682,8 мың теңге;

Қызметкерлер және өзге де есеп беретін тұлғалар алдында қысқа мерзімді кредиторлық берешек (жол коды 218) мекеменің есепті кезеңнің басындағы қалдық 97,6 мың теңге, есепті кезеңнің аяғындағы қалдық 20 409,6 мың теңгені құрайды;

Өзге де қысқа мерзімді кредиторлық берешек (жол коды 221) мекеменің есепті кезеңнің басындағы қалдық 257 908,5 мың теңге, есепті кезеңнің аяғындағы қалдық 101 392,9 мың теңге;

Бюджетке түсетін салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек (жол коды 224) мекеменің есепті кезеңнің басындағы қалдық 414 272,5 мың теңге, есепті кезеңнің аяғындағы қалдық 3 277 661,4 мың теңге;

Мақтаарал ауданы бойынша №1-СО 01.01.2022 жылға жергілікті бюджеттің «Салық төлеушілердің дербес шоттарының қорытынды операциялары бойынша жиынтық» есебіне сәйкес, салықтық және салықтық

емес түсімдер бойынша бюджетпен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді кредиторлық берешек 3 277 661,4 мың теңгені құраған;

Қысқа мерзімді міндеттемелерінің жиыны (жол коды 300) есепті кезеңнің басында 675 769,7 мың теңге, есепті кезеңнің аяғында 2 249 635,3 мың теңге.

IV. Ұзақ мерзімді міндеттемелер:

Бюджет алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешек (жол коды 313) мекеменің есепті кезеңнің басындағы қалдық 1 456 126,8 мың теңге, кезеңнің аяғындағы қалдық 3 277 661,4 мың теңге;

2021 жылы жоғары бюджеттен түскен кредит сомасы барлығы 350 040,0 мың теңге, қайтарылғаны 108 051,0 мың теңге.

Ұзақ мерзімді міндеттемелерінің жиыны (жол коды 400) есепті кезеңнің басында 1 456 126,8 мың теңге, есепті кезеңнің аяғында 3 277 661,4 мың теңге.

V. Таза активтер/капитал.

Жинақталған қаржылық нәтижелері бойынша (жол коды 412) мекеменің есепті кезеңнің басындағы қалдық 24 019 123,0 мың теңге, есепті кезеңнің аяғындағы қалдық 14 885 433,1 мың теңге.

Таза активтер/капитал жиыны (жол коды 500) есепті кезеңнің басында 24 019 123,0 мың теңге және есепті кезеңнің аяғында 14 885 433,1 мың теңге.

Баланс есепті кезеңнің басында 26 151 019,5 мың теңге және есепті кезеңнің аяғында 20 412 729,8 мың теңге.

«Жылдық қаржылық қызмет нәтижелері туралы шоғырландырылған есеп (тікелей әдіс)» ШҚЕ-2 нысанының баптарының дұрыс шоғырландырылуы

Қаржылық қызмет нәтижелері туралы шоғырландырылған есеп 2022 жылдың 1 қаңтарындағы кезең үшін:

Айырбас емес операциялардан алынатын кірістер (010 жол коды) бойынша есепті кезеңге 57 175 380,0 мың теңге, өткен кезеңге 90 491 467,9 мың теңге, оның ішінде:

Ағымдағы қызметті қаржыландыру (011 жол коды) бойынша есепті кезеңге 6 439 072,8 мың теңге, өткен кезеңге 25 185 721,1 мың теңге;

Күрделі салымдарды қаржыландыру (012 жол коды) бойынша есепті кезеңге 2 432 567,1 мың теңге, өткен кезеңге 12 257 470,4 мың теңге;

Трансферттер бойынша кірістер, оның ішінде: (014 жол коды) бойынша есепті кезеңге 18 658 603,2 мың теңге, өткен кезеңге 7 380 669,8 мың теңге;

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына трансферттер (015 жол коды) бойынша есепті кезеңге 228 754,0 мың теңге, өткен кезеңге 301 848,0 мың теңге;

Субсидиялар (016 жол коды) бойынша есепті кезеңге 471 043,0 мың теңге, өткен кезеңге 362 092,0 мың теңге;

Бюджетке түсетін салықтық кірістер (020 жол коды) бойынша есепті кезеңге 3 484 279,9 мың теңге, өткен кезеңге 1 942 109,3 мың теңге;

Айыппұлдардан, өсімпұлдардан және санкциялардан алынатын кірістер (020-1 жол коды) бойынша есепті кезеңге 2 801,4 мың теңге, өткен кезеңге 7 116,0 мың теңге;

Басқа салықтық емес түсімдер (020-2 жол коды) бойынша есепті кезеңге 2 996,6 мың теңге, өткен кезеңге 19 145,8 мың теңге;

Бюджетке трансфертердің түсуі (020-3 жол коды) бойынша есепті кезеңге 25 684 016,0 мың теңге, өткен кезеңге 43 337 143,5 мың теңге;

Активтерді басқарудан түсетін кірістер (030 жол коды) бойынша есепті кезеңге 3 650,5 мың теңге, өткен кезеңге 3 361,7 мың теңге, оның ішінде:

Сыйақылар (031 жол коды) бойынша есепті кезеңге 120,3 мың теңге, өткен кезеңге 110,6 мың теңге;

Активтерді басқарудан түсетін өзге де кірістер (032 жол коды) бойынша есепті кезеңге 3 530,2 мың теңге, өткен кезеңге 2 251,1 мың теңге;

Өзге кірістер 040 жол коды бойынша есепті кезеңге 39 232,8 мың теңге, өткен кезеңге 1 277 505,7 мың теңге;

Кірістер, барлығы (010, 021, 030, 040-жолдарының сомасы) 100 жол коды бойынша есепті кезеңге 57 218 262,3 мың теңге, өткен кезеңге 91 772 335,3 мың теңге.

Мекеменің шығыстары 110 жол коды бойынша есепті кезеңге 14 177 244,0 мың теңге, өткен кезеңге 62 996 769,1 мың теңге, оның ішінде:

Еңбекақы төлеу 111 жол коды бойынша есепті кезеңге 1 460 460,0 мың теңге, өткен кезеңге 10 414 007,5 мың теңге;

Салықтар мен бюджетке төленетін төлемдер 113 жол коды бойынша есепті кезеңге 11 832,7 мың теңге, өткен кезеңге 887 965,8 мың теңге;

Қорлар бойынша шығыстар 114 жол коды бойынша есепті кезеңге 87 081,2 мың теңге, өткен кезеңге 540 904,9 мың теңге;

Иссапар шығыстар 115 жол коды бойынша есепті кезеңге 79 966,3 мың теңге, өткен кезеңге 159 274,2 мың теңге;

Коммуналдық шығыстар 116 жол коды бойынша есепті кезеңге 85 688,3 мың теңге, өткен кезеңге 216 016,5 мың теңге;

Жалдау төлемдері 117 жол коды бойынша есепті кезеңге 17 267,0 мың теңге, өткен кезеңге 61 334,0 мың теңге;

Жалдау төлемдері 118 жол коды бойынша есепті кезеңге 18 834,8 мың теңге, өткен кезеңге 44 126,7 мың теңге;

Байланыс қызметтері 119 жол коды бойынша есепті кезеңге 5 938,7 мың теңге, өткен кезеңге 15 979,9 мың теңге;

Активтер амортизациясы 120 жол коды бойынша есепті кезеңге басына 510 941,1 мың теңге, өткен кезеңге 1 733 419,9 мың теңге;

Өзге операциялық шығыстар 122 жол коды бойынша есепті кезеңге 11 875 885,1 мың теңге, өткен кезеңге 48 669 683,7 мың теңге;

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға арналған шығыстар 123 жол коды бойынша есепті кезеңге 22 988,8 мың теңге, өткен кезеңге 254 056,0 мың теңге;

Бюджеттік төлемдер бойынша шығыстар, оның ішінде: 130 жол коды бойынша есепті кезеңге 18 833 678,2 мың теңге, өткен кезеңге 7 682 301,8 мың теңге;

Субсидиялар бойынша 132 жол коды бойынша есепті кезеңге 471 043,0 мың теңге, өткен кезеңге 362 092,0 мың теңге;

Нысаналы трансферттер бойынша 133 жол коды бойынша есепті кезеңге 16 010 580,0 мың теңге, өткен кезеңге 195 046,0 мың теңге;

Жалпы сипаттағы трансферттер 134 жол коды бойынша өткен кезеңге 301 848,0 мың теңге;

Жеке тұлғаларға трансферттер бойынша 135 жол коды бойынша есепті кезеңге 2 352 055,2 мың теңге, өткен кезеңге 6 823 315,8 мың теңге;

Бюджетке түсетін түсімдерді азайту жөніндегі шығыстар 137 жол коды бойынша есепті кезеңге 1 835 088,2 мың теңге, өткен кезеңге 629 849,2 мың теңге;

Республикалық және жергілікті бюджеттердің ҚБШ бойынша шығыстар 151 жол коды бойынша есепті кезеңге 27 543 195,9 мың теңге, өткен кезеңге 0,0 мың теңге;

Шығыстар, барлығы (110, 130, 137, 140, 150, 151-жолдарының сомасы) 200 жол коды бойынша есепті кезеңге 62 389 206,3 мың теңге, өткен кезеңге 71 315 316,6 мың теңге;

Ұзақ мерзімді активтердің шығуы 220 жол коды бойынша есепті кезеңге минус 3 965 655,8 мың теңге, өткен кезеңге минус 1 283 132,7 мың теңге;

Есепті кезеңнің қаржылық нәтижесі (100 жол-200+/-210, 220, 230, 240-жолдары) 300 жол коды бойынша есепті кезеңге минус 9 136 598,8 мың теңге, өткен кезеңге минус 19 173 886,0 мың теңге.

«Жылдық ақша қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп (тікелей әдіс)» (ШҚЕ-3 нысанын) баптарының дұрыс шоғырландырылуы

2022 жылғы 1 қаңтарға жылдық ақша қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп бойынша:

I. Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы:

Ақша қаражатының түсуі – барлығы (010, 017, 020, 030, 040, 050, 060, 070, 071-жолдар сомасы) (100 жол коды) бойынша есепті кезеңге 55 758 590,9 мың теңге, өткен кезеңге 90 254 295,8 мың теңге.

Бюджеттен қаржыландыру бойынша (010 жол коды) бойынша есепті кезеңге 28 003 432,0 мың теңге, өткен кезеңге 45 258 470,0 мың теңге;

Қайырымдылық көмектен түсетін ақша бойынша (020 жол коды) бойынша есепті кезеңге 12 167,1 мың теңге;

Алынған сыйақылар бойынша (040 жол коды) бойынша өткен кезеңге 110,6 мың теңге;

Уақытша орналастырылған ақша бойынша (050 жол коды) бойынша есепті кезеңге 229 945,2 мың теңге, өткен кезеңге 250 474,7 мың теңге.

Бюджетке түсетін түсімдер бойынша, оның арасында: (071 жол коды) бойынша есепті кезеңге 27 513 046,6 мың теңге, өткен кезеңге 44 745 240,5 мың теңге.

Салық түрінде ақшалай қаржы түсімі бойынша (071-1 жол коды) бойынша есепті кезеңге 3 287 972,9 мың теңге, өткен кезеңге 1 378 584,1 мың теңге.

Айыппұлдар, өсімпұлдар және санкциялар түрінде ақшалай қаржы түсімі бойынша (071-2 жол коды) бойынша есепті кезеңге 2 801,4 мың теңге, өткен кезеңге 7 116,0 мың теңге.

Трасферттер бойынша (071-3 жол коды) бойынша есепті кезеңге 25 864 016,0 мың теңге, өткен кезеңге 43 337 143,5 мың теңге.

Ақша қаражатының шығуы – барлығы (110, 120, 130, 140, 150, 160, 170, 180, 190, 191, 192-жолдар сомасы) 200 жол коды бойынша есепті кезеңге 55 726 682,7 мың теңге, өткен кезеңге 89 295 369,0 мың теңге.

Еңбекақы төлеу (110 жол коды) бойынша есепті кезеңге 116 269,7 мың теңге, өткен кезеңге 14 304 148,1 мың теңге;

Салықтар мен бюджетке төленетін төлемдер (130 жол коды) бойынша есепті кезеңге 126 272,7 мың теңге, өткен кезеңге 888 952,6 мың теңге;

Өнім берушілер мен мердігерлерге тауарлар мен көрсетілетін қызметтер үшін (140 жол коды) бойынша есепті кезеңге 4 968 177,1 мың теңге, өткен кезеңге 19 077 462,6 мың теңге;

Трансферттер, субсидиялар (160 жол коды) бойынша есепті кезеңге 19 062 432,2 мың теңге, өткен кезеңге 7 682 301,8 мың теңге;

Сыйақылар (170 жол коды) бойынша есепті кезеңге 142,5 мың теңге, өткен кезеңге 108,9 мың теңге;

Жыл соңында міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындауларды жабу (180 жол коды) бойынша есепті кезеңге 2 145,9 мың теңге, өткен кезеңге 72 516,6 мың теңге;

Өзге де төлемдер (190 жол коды) бойынша есепті кезеңге 3 433 008,0 мың теңге, өткен кезеңге 2 001 984,5 мың теңге;

Республикалық және жергілікті бюджет ҚБШ-ы бойынша шығыстар (191 жол коды) бойынша есепті кезеңге 28 001 286,1 мың теңге, өткен кезеңге 45 185 953,4 мың теңге;

Бюджеттен қайтқан түсім (192 жол коды) бойынша есепті кезеңге 16 948,5 мың теңге, өткен кезеңге 91 940,5 мың теңге.

Операциялық қызметтен түсетін ақша қаражатының таза сомасы (100-жол минус 200 жол) 300 жол коды бойынша есепті кезеңге 31 908,2 мың теңге, өткен кезеңге 958 926,8 мың теңге.

II. Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы.

Ақша қаражатының түсуі-барлығы (310,320,330,340,350-жолдар сомасы) 400 жол коды бойынша есепті кезеңге 211 361,9 мың теңге, өткен кезеңге 148 473,0 мың теңге.

Ұзақ мерзімді активтерді сату (310 жол коды) бойынша есепті кезеңге 81 982,8 мың теңге, өткен кезеңге 23 446,9 мың теңге;

Қарыздарды өтеу (340 жол коды) бойынша есепті кезеңге 129 379,1 мың теңге, өткен кезеңге 125 026,1 мың теңге;

Ақша қаражатының шығуы – барлығы (410,420,430,440,450,460-жолдар сомасы) 500 жол коды бойынша есепті кезеңге 585 561,7 мың теңге, өткен кезеңге 1 260 291,7 мың теңге.

Ұзақ мерзімді активтерді сатып алу (410 жол коды) бойынша есепті кезеңге 235 521,7 мың теңге, өткен кезеңге 938 382,7 мың теңге;

Берілген қарыздар (450 жол коды) бойынша есепті кезеңге 350 040,0 мың теңге, өткен кезеңге 321 909,0 мың теңге.

Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы (400-жол минус 500-жол) (600 жол коды) бойынша есепті кезеңге минус 374 199,8 мың теңге, өткен кезеңге минус 1 111 818,7 мың теңге.

III. Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы.

Ақша қаражатының түсуі-барлығы (610, 620 жолдар сомасы) (700 жол коды) бойынша есепті кезеңге 350 040,0 мың теңге, өткен кезеңге 321 910,0 мың теңге;

Қарыздарды өтеу (610 жол коды) бойынша есепті кезеңге 350 040,0 мың теңге, өткен кезеңге 321 910,0 мың теңге;

Ақша қаражатының шығуы-барлығы (710, 720 жолдар сомасы) (800 жол коды) бойынша есепті кезеңге 108 050,2 мың теңге, өткен кезеңге 86 796,7 мың теңге;

Қарыздарды өтеу (710 жол коды) бойынша есепті кезеңге 108 050,2 мың теңге, өткен кезеңге 86 796,7 мың теңге;

Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы (700-жол минус 800-жол) (900 жол коды) бойынша есепті кезеңге 241 989,8 мың теңге, өткен кезеңге 235 113,3 мың теңге.

Ақша қаражатының ұлғаюы +/- азаюы (300-жол -/+600жол +/-900-жол) (910 жол коды) бойынша есепті кезеңге минус 100 301,8 мың теңге, өткен кезеңге 82 221,4 мың теңге.

Кезеңнің басындағы ақша қаражаты (920 жол коды) бойынша есепті кезеңге 296 562,0 мың теңге, өткен кезеңге 219 287,9 мың теңге;

Кезеңнің соңындағы ақша қаражаты (930 жол коды) бойынша есепті кезеңге 196 260,2 мың теңге, өткен кезеңге 301 509,3 мың теңге.

«Жылдық таза активтердің/капиталдың өзгерістеру туралы шоғырландырылған есеп» ШҚЕ-4 нысанының баптарының дұрыс шоғырландырылуы

2022 жылғы 1 қаңтарға жылдық таза активтердің/капиталдың өзгерістеру туралы шоғырландырылған есеп бойынша:

Есепті кезеңнің басындағы сальдо 010 жол коды бойынша жинақталған қаржылық нәтиже 24 019 123,0 мың теңге, таза активтердің/капиталдың барлығы 24 019 123,0 мың теңге;

Есеп саясатындағы өзгерістер мен қателерді түзету 020 жол коды бойынша жинақталған қаржылық нәтиже 2 908,9 мың теңге, таза активтердің/капиталдың барлығы 2 908,9 мың теңге;

Қайта есептелген сальдо (010 +/-020 жолдар) 030 жол коды бойынша жинақталған қаржылық нәтиже 24 022 031,9 мың теңге, таза активтердің/капиталдың барлығы 24 022 031,9 мың теңге;

Есепті кезеңдегі қаржылық нәтиже 050 жол коды бойынша жинақталған қаржылық нәтиже минус 9 136 598,8 мың теңге, таза активтердің /капиталдың барлығы минус 9 136 598,8 мың теңге;

Есепті кезеңнің аяғындағы сальдо (030+/-040+/-052-жолдар) 060 жол коды бойынша жинақталған қаржылық нәтиже 14 885 433,1 мың теңге, таза активтердің /капиталдың барлығы 14 885 433,1 мың теңге;

Өткен кезеңнің басындағы сальдо 070 жол коды бойынша жинақталған қаржылық нәтиже 25 802 459,1 мың теңге, таза активтердің /капиталдың барлығы 25 802 459,1 мың теңге;

Қайта есептелген сальдо (070+/-080-жолдар) 090 жол коды бойынша бойынша жинақталған қаржылық нәтиже 25 802 459,1 мың теңге, таза активтердің /капиталдың барлығы 25 802 459,1 мың теңге;

Өткен кезеңдегі қаржылық нәтиже 110 жол коды бойынша жинақталған қаржылық нәтиже 19 173 886,0 мың теңге, таза активтердің /капиталдың барлығы 19 173 886,0 мың теңге.

Өткен кезеңнің аяғындағы сальдо (090+/-100+/-110- жолдар) 120 жол коды бойынша жинақталған қаржылық нәтиже 44 976 345,1 мың теңге, таза активтердің /капиталдың барлығы 44 976 345,1 мың теңге.

«Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба» ШҚЕ-5 нысанының кестелері (1-24) бойынша көрсеткіштердің дұрыс шоғырландырылуы

2022 жылғы 1 қаңтарға жылдық қаржылық есептілікке түсіндірме жазба бойынша:

2022 жылдың 1 қаңтарына қаржыландыру көздері бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба:

1-кесте. Ақшалай қаражат және олардың баламалары (ШҚЕ-1 «Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс» 010-жолы) бойынша қозғалысы.

Ақшаны уақытша орналастыру (1043) 016 жол коды бойынша жыл басындағы сальдо 257 908,5 мың теңге, есепті кезеңнің аяғындағы сальдо 101 392,9 мың теңге;

